

ШҚО Аягөз қаласы

«Қалалық көпсалалы қазақ мектеп – гимназиясы» КММ

« Кім болу керек? Қандай болу керек? »

**Алимгазина Жания Архатовна**

8- жас 2 – класс

Бастауыш класс мұғалімі: Мұхаметқазина Гүлмира Советханқызы

## Кім болам? Қандай болам?



Шалқыған теңіз бетімен кеме жүзіп келеді. Оны толқын ары-бері шайқап, өзі бағыттап толқиды. Сол ұшы-қиыры жоқ теңізді кеме жүзіп өту үшін үлкен бақылаушы керек. Мен үшін мұғалім толқын секілді. Білім теңізіне кемедегі бізді толқытып, бағыттап, бақылап, дұрыс жүзуімізді бақылайды.

Білім-теңіз. Кеме-біз оқушылар. Кеменің білім теңізінен сүрінбей өтуі толқынға байланысты. Толқын-менің ұстазым. Ұстазымның білімінің, тәрбиесінің тереңдігіне байланысты біз де білім-теңізінен нәр алып, жетілетінімізге сенімдімін.



Жаз айларында жиі жаңбыр жауып тұрады. Жылы жаңбырдың астында жүгіріп ойнағанды жақсы көремін. Аспанға қарап бұлттардың көшуін қызықтаймын. Маған бұлт жерге молшылық нұрын төгіп тұрғандай болып көрінеді. Жаңбырдан кейін жер көгеріп әдемі кілемдей болып жайнайды. Аспандағы бұлт маған мұғалімім сияқты болып елестейді. Мұғалім – жақсылық, ізгілік, адамгершілік тарататын адам. Ол да бұлттың жерге жаңбыр тамшысын сепкеніндей оқушыларына, білім беріп, тәрбиелейді. Ұстазымның үйреткенін санама құйып алуға тырысамын. Ұстазымның қиын да қызықты еңбегінің жемісті болуына оқушыларының тәртіпті, әдепті, ақылды, саналы болып, үздік табыстарымен қуантуын тілеймін.



Мынау-Күн. Ол біздің туған жерімізге шапағатын шашып, тіршілік нәрін береді. Оның жылуынан нәр алған жеріміз көктеп, гүлдеп бізді қуантады. Осыған қарап мен мұғалімді күнге теңеймін. Ол-мен үшін ең мейірімді, ақылды қамқоршы адам. Мұғалім де күн сияқты бізге жылуын беріп, біліммен сусындатады. Оның әрбір сөзі, әрбір ісі біз үшін үлгі-өнеге. Мен ұстазыма деген сүйіспеншілігімді жақсы оқуыммен, үлгілі тәртібіммен дәлелдегім келеді. Ұстазымның берген тәрбиесі өмір жолыма таусылмас азық болар деп сенемін.

Өз ойымды қорыта келгенде мен өскенде ұстазыма ұқсап, мұғалім боламын.

Шәкәрім ғұлама:

Күн сықылды көпке білдір,

Шықты ма күн, батты ма?...

Мезгілімен бер жауын...

Сусағанның сусыны бол,

Су сықылды сұп-суық-деп айтқандай, тек адамзатқа барлық жақсылығымды арнағым келеді.